



# Алақол

Газет 1935 жылғы қазан айынан шығады

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Районная общественно-политическая газета

№17 (8103) 27. 04. 2024.  
Сенбі / Суббота



## Аудан әкімі А.Абдиновтың 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнімен ҚҰТТЫҚТАУЫ

### Құрметті Алақөлдіктер!

Баршаңызды тұрақтылық пен тыныштықты, татулық пен келісімді дәріптейтін Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке отаншылдығымыздың, туған жерге деген сүйіспеншілігіміз бен адалдығымыздың жарқын символы. Ел бірлігі – біздің баға жетпес байлығымыз, мемлекетіміздің берік негізі.

Ынтымағы бекем жұрттың болашағы баянды болады. Біз бәріміз бір ел болып, татулық пен тұрақтылықты сақтау үшін еңбек етуіміз қажет. Ел бірлігін нығайту және Отанымызды өркендету – қасиетті парызымыз.

Бүгінде ақ айдынды Алақөл ауданында 16 өзге ұлт өкілдері мен 3 конфессия өкілдері бейбітшілік пен келісімде өмір сүріп, болашаққа сенімді қадам басып, өңіріміздің гүлденуіне, тыныс-тіршілігіміздің жақсаруына өзіндік үлестерін қосып келеді.

«Діні басқа, тілі басқа, тілегі бір» береке-бірлігі жарасқан ұлт пен ұлыс өкілдерінің бір шаңырақ астында ырыс пен ынтымақта өмір сүруі көңілге қуаныш ұялатады.

Даналығы, ұлағаты мол қазақ халқы «ырыс алды – ынтымақ», деп бекер айтпаса керек. Қазақстан халқы бірлік пен татулықтың арқасында жарқын болашаққа бет алып келеміз. Біздің барлық жетістіктеріміз бен жеңістеріміздің мызғымас тұғыры – татулық пен тұтастығы.

Біздің бірлігіміз бекем, мақсатымыз ортақ, рухымыз асқақ. Соның арқасында кез-келген қиындықты жеңіп, жасампаздық пен өрлеу жолында жаңа белестерді бағындырамыз деп сенемін. Бірлігі мықты елдің бағындырар белесі де, алар асуы да биік болмақ.

### Қадірменді жерлестер!

Сіздерді ынтымақ пен бірлік күнімен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға құт-береке, бақыт тілеймін!

Егемен еліміздегі ұлтаралық татулық пен келісім әрдайым берік болып, қашанда ынтымағымыз бен бірлігіміз мәңгі жасасын!

Бір шаңырақ астындағы Алақөл халқының берекесі артып, достығымыз нығая берсін!

## ПОЗДРАВЛЕНИЕ акима района А. Абдинова с 1 мая - Днем единства народа Казахстана

### Уважаемые алақольцы!

От всей души поздравляю всех с Днем единства народа Казахстана, который празднует стабильность и спокойствие, мир и согласие!

Этот праздник - яркий символ патриотизма, любви и преданности родной земле. Единство страны - наше бесценное богатство, прочная основа нашего государства.

Общественное согласие и политическая стабильность - наше главное богатство. Я считаю, что ценить это достижение, усердно трудиться над его сохранением - почетная обязанность каждого нашего соотечественника. Укрепление единства страны и процветание нашей Родины – это наш священный долг.

Сегодня в Алақөлском районе представители 16 других национальностей и 3 конфессий живут в мире и согласии, уверенно шагают в будущее, вносят свой вклад в процветание нашего региона, улучшения жизни.

Отрадно, что под одним шаныраком живут представители наций, у которых другая религия, другой язык, но одно желание.

Не зря казахский народ с большой мудростью говорит: «ырыс алды – ынтымақ». Народ Казахстана, благодаря единству и миру, движется в светлое будущее. Непокоримый столп всех наших достижений и побед – это мир и целостность.

Наше единство - крепкое, цель - общая, дух непоколебим. Надеюсь, что благодаря этому мы преодолеем любые трудности и покорим новые рубежи на пути созидания и процветания. Наша любовь к Отечеству, своей земле и общим ценностям еще больше укрепит наше единство.

### Дорогие земляки!

Поздравляю вас с Днем солидарности и единства, желаю здоровья, благополучия и счастья вашим семьям!

Пусть межнациональный мир и согласие в нашей суверенной стране всегда будут крепкими, а наше единство и солидарность всегда будут длиться вечно!

Пусть под одним шаныраком процветает население Алақоля и крепнет наша дружба!

## Қоршаған орта тазалығы – басты міндет

Қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау – әрбір азаматтың басты міндеті. Туған жерімізді, туған қаламызды аялау, оны көздің қарашығындай қадірлеу ортақ іс. Күн жылып, көктем шығысымен Республикамызда «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы бастау алды.



Осы орайда, аудан әкімі А.Абдинов бастаған Алақөл ауданы әкімдігінің мемлекеттік қызметшілері «Киелі мекен» атты сенбілік жұмыстарына белсене атсалысуда.

Сенбілік жұмыстарына 2 арнайы техника жұмылдырылды. Қ.Бектұров пен Сыпатай батыр көшелерінің аралығындағы арық үшін тазалау жұмыстары жүргізіліп, 50 тонна қоқыс шығарылды.

Өткізіліп жатқан сенбілік жұмыстары-тұрғындардың қоршаған ортаны таза ұстауға, экологиялық мәдениет қалыптастыруға және ауданның санитарлық жағдайын жақсартуға оң әсерін тигізуде.

Баршаңызды сенбілік жұмыстарына белсене атсалысуға шақырамыз!

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

## Малсақ қауымды не толғандырады?

Жетісулық шаруалар қыстың қытымыр мінезінен қанша қиналса да, төрт түлікті көктемге аман-есен жеткізді. Мал төлдету науқаны мәреге жетуге жақын, азын-аулақ шығын да жоқ емес. Жазда жемшөбін құнттаған қойшылардың көңілі тоқ, қозы-лағын қуалап жүр.

Облыс орталығынан шалғай орналасқан Алақөл ауданында қазір қой қоздап, қорада шу басталды. Аудан бойынша жалпы 226 мал қыстауында десек, оның бәрінде су ішетін тоғандар және құдықтар бар. Қыстау мен мал төлдеу науқаны аяқталғанға дейін төрт түлікке қажет жемшөп қоры толық жеткілікті. Яғни жер көгеріп, күн жылығанша мал азығынан тапшылық көрмейді.

Айта кетейік, өңірде мал басы саны нақтыланып, аудан бойынша бүгінге дейін барлығы 7 233 мал төлдеген. Оның 1 106-сы – ірі қара, 6 121-і – ұсақ мал, қалғаны жылқыдан алынған.


Биылғы қыс маусымы малшы қауымға өте күрделі болды. Дегенмен мал қыстау мен төлдету науқанына тыңғылықты әзірленген алақөлдік шаруалар қыс қаһарына төтеп беріп, көп шығынға ұрынған жоқ. Көктемгі төлдеу науқанына төрт түліктің бәрі қонды келді. Ауданда науқанға қажет жемшөп қоры жеткілікті. Қыс пен көктемгі мал төлдету науқанына жалпы 203,4 мың тонна көпжылдық және табиғи шөп, 23 600 тонна жоңышқа, 28,3 мың тонна сүрлем, 35,1 мың тонна сабан, 15,7 мың тонна пішендеме және 52 мың тонна жүгері жемі дайындалған.

Ежелден төрт түлігін өрістетіп, өмірін шаруамен байланыстырған елдің дуалы ауыз даналары Шопан ата түлігіне ерекше ден қойған. Қазір де қой түлігі ауылдағы әр отбасының берекесіне айналып, жоқ дегенде он саулығы бардың қолына жыл сайын төлімен береке береді.

Мұхтар КҮМІСБЕК,  
«ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН» газетінен.

1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні

1 мая - День единства народа Казахстана



келісімді, өзара түсіністік пен құрмет сезімін, жарастық пен келісімді - қастерлеп сақтай отырып, еркін дамуда. Бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі достықтың бай тәжірибесі ұлттық татулық пен келісімнің ғана халықтардың экономикалық теңдігі, саяси және мәдени дамуын, өзара достықты, ұлттық мүдделер мен ұлттық ерекшеліктерді, тілдердің

Бірлік - береке бастауы

Бірлік – адамзатты жаңа белестерге шығарған үлкен құндылық. Бұл қасиетті қадір тұтқан қазақ халқы оны мақалдарынан да, даналықтарынан да жырақ қалдырмаған. Ұлы Дала пәлсапасының көрінісі болған мақалдарда «бірлік болмай тірлік болмайды», «ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп» делінсе, даналардың сөздері «біріңді қазақ бірің дос, көрмең істің бәрі бос» деген қанатты сөздермен өрбіп жатты.

Қазақ халқының өмірлік тәжірибесінде «бірліктің» маңызы орасан зор. Қазақ өз тарихында бірліксіз тірлік қылғанда ғана қапыда қалып отырды. Бірлік адамдар арасындағы ынтымақтың, жарасымды татулықтың көрінісі, ел болудың бірден-бір алғышарты. Ол белгілі бір топтың, ұжымның, халықтың, жалпы адам баласының мақсат, мұрат, мүдделері тоғысынан туындайды. Қазақ халқы бірліктің күнделікті тіршіліктегі орны мен маңызын «бірлік болмай тірлік болмас», «бірлік түбі – береке», «алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деп түйген. Бірлікті ыдыратып, ірітуші күш - күншілдік, іштарлық, араздықтық деп тауып, жұртшылықты мұндай жағымсыз қасиеттерден бойын аулақ салуға шақырған. Бірлік елдіктің, ұлт болып ұйысып отырудың басты кепілі саналған.

«Татулық, бірлік, береке» ұғымдары қазақ даласын мекен еткен барша ұлыстардың мәңгілік ұранына айналған қасиетті түсініктер деп білемін. Себебі ұлан-ғайыр атырап төсіне 130-дан астам этнос өкілдерін сыйдырып, жер иесі атанған қазақ халқы да даладай дархан мінезімен ұлылығы мен ірілігін бар әлемге паш етті. Қаны бөлек болғанымен жаны қазақ болып

Сондықтан, ел тізгінін қолына ұстаған адамдар - ақсақалдар, билер, хандар ел ішіндегі асқынған дау, ушыққан жанжалды тыйып, шешім қабылдағанда ел бірлігіне сына түспеу жағына баса көңіл бөлген.

Бірліктүбі - береке. Иә, ауызбірлік пен түсіністік, қарапайым сыйластық үстемдік құрған жерлерге қашанда нәтижелі істердің үйір болатыны белгілі. Біздің елімізде қалыптасқан ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз өркендеп, ілгері басып келеді. Біздің мемлекетіміздің басты жетістігі еліміздің халықтарының ұлтаралық және конфессияаралық келісімі, өзара түсіністігі мен сыйластығы болып саналады. Қазақстанның көпұлтты халқының татулығы, ынтымақтастығы, бейбітшілігі біздің еліміздің баға жетпес байлығы. Қазақстан тарихының едәуір бөлігі - оны мекендейтін халықтардың этностық және мәдени өзара іс-қимылдарының тарихы. Әлемдік тарихта әртүрлі ұлт өкілдерінің бір жерде, бір елде бірлесіп өмір сүруі - әсте де тың құбылыс емес. Бұл ретте, Қазақстанның көпұлттылығы ғасырларға созылып, уақыттардан жалғасын тауып, сабақтасып келеді.

Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы күннен-ақ адамзат үшін ең қымбат қазына - ұлтаралық татулықты, конфессияаралық

не асына ортақтаса тап болды. Алайда өзгесің деп өзектерінен теуіп көрмеген қазақ халқы жанашырлық пен бауырмалдық танытып, асын бөлісіп, бастарын жұмсақ жастыққа тигізгендері шындық. Табыттан бірақ шығуға бір қадам

бір-біріне деген құрметін қамтамасыз ете алатынын көрсетті.

Міне, осындай дархан мінезі, салиқалы саясаты бар қазақ елі қазіргі таңда қабырғасы қатайған, пікіріне халықаралық қоғамдастық өкілдері құлақ асатын беделді елге айналды. Қазақстан этносаралық және конфессияаралық келісім тәжірибесінің өзіндік үлгісіне ие бола отырып, толеранттылық мәселесіне мән беретін бастаманы халықаралық деңгейге шығара білетін мемлекет бола алды. Қазақстанның қарыштап дамуына да ең алдымен ұлтаралық саясаттағы тұрақтылыққа негізделген қағидаттың ықпалы зор. Бір сөзбен айтқанда, мемлекеттің экономикалық өсуі, әлеуметтік ілгерілеуі, демократиялық дамуы қоғам бірлігі ұйысқан және сақталған жағдайда ғана жүзеге асады. Ал ұлттар арасындағы бірлікті қамтамасыз ету - демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құрудың маңызды шарты.

Ұлы далада орныққан ел бірлігін мерекеге ұластыру, әлемдік қауымдастық тарапынан жоғары бағаланған достық пен келісімді паш ету халықтар арасындағы тұтастықты одан сайын нығыздай түсті.

**Алмат САДИЕВ,**  
**«Республика» партиясынан**  
**Жетісу облыстық**  
**мәслихатының депутаты.**



алғашқы тәулігінде аталып өтуі де бекер емес. Жердің тынысы



вкуснейших татарских выпечек, премудростями приготовления национальных блюд, основой которых остается тесто и мясо, учат девушек мастерству вязания, шитья и кройки.

Встречи с воинами – интернационалистами, вечера художественной самодеятельности, выставки

1 мая – День единства народа Казахстана – доказательство добрососедства, мира и согласия, который донес до наших дней светлую духовность, традиции и культуру 130 этносов, проживающих в многонациональной стране. Татары, пусть и не входят в число самых многочисленных, всегда занимают особое место в жизни нашей страны. Помимо

народного творчества и прикладного искусства с участием представителей всех народностей, проживающих на территории Лепсинского сельского округа посвящаются различным знаменательным датам. В мероприятиях принимают участие дети, либо поколение, которое будет жить в Новом Казахстане, должны знать

С праздником мира и согласия

своих обычаев и традиций, а также трудолюбия, каждому они известны своим миролюбием и дружелюбием.

Село Лепсинск – место компактного проживания татар нашего района, которых сегодня здесь 406 человек. Они, также как и раньше, принимают активное участие в социально – экономическом развитии региона, направленном на улучшение благополучия, решение актуальных проблем, касающихся всех слоев населения.

Консолидирующая роль в общественной жизни района отведена татарскому культурному центру. В целом, его деятельность направлена на сохранение и возрождение национальной культуры, языка татарского народа, его обычаев и традиций. Сегодня каждый желающий может обратиться в сельскую библиотеку, где укомплектован книжный фонд на татарском языке.

Проведение культурно-массовых мероприятий является одной из форм пропаганды жизнедеятельности самобытного татарского народа, воспитание подрастающего поколения в духе патриотизма и любви к Отчизне, формирование в них чувства уважения государственных символов страны и почитания старших. Таким является традиционным праздник «Сабантуй», на который собирается и стар, и млад - весь Лепсинск, независимо от национальности, поет и танцует, угощаясь татарскими и, конечно же, казахскими и русскими сладостями. Уважаемые абикки на, так называемых, семейных вечерах делаются секретами

историю своего народа, своей страны, чтобы передать ее своим потомкам.

Как праздник, олицетворяющий торжество дружбы народов, воспринимают лепсинцы 1 мая - День единства народа Казахстана. Ведь Лепсинск – это одна большая, дружная семья, которая и в радости, и в печали вместе. В гармонии и согласии живут здесь интернациональные семьи, где зятья и снохи украинцы, азербайджанцы, казахи, немцы, дунгане, русские, чеченцы. Поистине, они олицетворяют дружбу народов - в таких семьях соблюдаются традиции и обычаи всех национальностей.

Мы, татары Казахстана, счастливы тем, что живем под единым светлым шаныраком нашей страны в дружбе и согласии с другими народами. День ото дня наше село становится краше - функционирует спортивная школа – интернат, построен ФАП и жилые дома для молодых специалистов, прокладываются новые туристические маршруты - все усилия направлены на укрепление государства. Все это благодаря мудрой политике Президента Республики Казахстан К. Токаева. С праздником гражданского мира и согласия, созидания и расцвета всех наций и народов!

**И. Абдухаликова,**  
**руководитель татарского культурного центра «Ләйсан».**

Ұран болған, ұлы өн болған - татулық

кеткен қаншама ұлыстар Отанын Қазақстан деп біліп, мемлекеттің мызғымас іргетасын қалауға біріге атсалысып келеді.

Тағдыр – өте тылсым құбылыс. Біреуге күле қарап, бар бақытын басына үйе салса, екіншілердің тобығынан қағып, тонын битке лақтырады сөзсіз. Бұл – бұлжымас қағидат, өзгермес заңдылық.

Ілкіде талай ұлыстар өктем елдердің озбырлығымен, азғындығымен атамекеннен айырылып, біздің елдің жеріне, елі-

ғана қалғанда бүтіндей ұлттарды аман алып қалуға орасан зор үлес қосқан ұлы жұрттың ізгі ниеті мен тілегіне Тәңірдің өзі оң қабақ танытып отырғандай. Бүгінде тәуелсіздіктің 30 жылдығын атап, егемендік туын тік көтерген 30 көктемнің жаңа тынысы елімізді әлемдік деңгейде танылуына, Қазақстан азаматтарының жаһан кеңістігінде танылуына мүкіндік берді.

Осы ынтымағымыздың айшықты белгісі болған «Бірлік күні» мамыражай мамырдың

кеңінен ашылып, дала төсіндегі қызу еңбекте басымыз бірігіп, осынау мерекенің құдіретін одан бетер түсіне түскендейміз.

Осынау мақсат-мүдделердің ойдағыдай жүзеге асуы ең алдымен бәріміздің қажырлы да қайратты еңбегімізге, өзара түсіністік пен ынтымаққа, еліміздегі ішкі саяси тұрақтылыққа, ұлтаралық және ұлт ішіндегі парасаттылыққа тікелей байланысты.

**Еркежан ЕРБОЛАТҚЫЗЫ,**  
**Үшарал қазақ гимназиясының мұғалімі.**

# АТА - ӘУЛЕТТІҢ ТІРЕГІ, ӘЖЕ - ҰРПАҚТЫҢ ЖҮРЕГІ

«Балалы үй базар, баласыз үй мазар» демекші, ұрпағын жалғастырушы перзентінің салихалы да салауатты болып өсіп, жақсылық-қызығын көру - әрбір ата-ананың арманы. Халқымыздың ұғымында ба-

тік парызын бір сәтке де есінен шығармауында жатыр.

Осыған орай, Жанама ауылында аналар кеңесінің төрайымының ұйымдастыруымен аудандық «Ата-әулеттің тірегі, әже-ұрпақтың жүрегі» атты рухани

дық округінің әкімі Парасат Қожабеков бастап, ізгі тілегін жеткізсе, ауылдың аналар кеңесінің төрайымы К.Қамбарова кездесудің негізгі мақсатына тоқталып өтті.

Өнерлі мектеп оқушылары ұлттық салт-дәстүрімізден түрлі көріністер көрсетіп, әсем әуендері мен мың бұралған билерін ортаға салды.

Ризашылығын жеткізген аудандық аналар кеңесінің төрайымы Ұ.Дүйсебаева сый-сияпатын тарту етіп, отбасындағы бала тәрбиесі, ата-ананың рөлі жөнінде ой өрбітті. Ізін суытпай ауылдық округтердегі аналар кеңесінің төрайымдары да кездесуден алған әсерлерін ортаға салып, жылы лебіздерін жеткізді.

**А.МҰРАТ,**  
аудан әкімінің баспасөз хатшысы.



Құқықтық статистика органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызмет алу тәртібіндегі оң өзгерістер енгізілгенін хабарлайды. Құқықтық статистика органдарымен мемлекеттік қызметтің 3 түрі көрсетіледі: соттылықтың болуы туралы анықтама, мұрағаттық анықтама және прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою туралы анықтама беру.

май-ақ «Бір реттік SMS паролінің сервисінің» көмегімен алуға болады.

Сонымен қатар порталда «Үшінші тұлғалармен анықтама алу сервисі» жүзеге асырылған. Енді, жұмыс берушілердің өздері онлайн қызметін қолдана отыра «жеке кабинет» және (немесе) sms-растуа арқылы сұрау жіберілетін адамға қатысты, адамдардың келісім шарты болған кезде басқа адамдарға қатысты соттылықтың болуы немесе болмауы туралы электрондық сұрау жібере алады.

Осындай қызметті алудың негізгі шарты МАБ-на тіркеу болып табылады. МАБ-не тіркелу үшін қызмет алушыға порталдағы «жеке кабинетте» «телефон» деген бағанда телефон нөмірін көрсету керек немесе оны ЖСН-ді Мемлекеттік корпорацияның кез келген фронт-офисіне тіркеу қажет.

«Комитеттің және оның ау-

## Оң өзгерістер енгізілді

Мемлекет Басшысының мемлекеттік қызметті электрондық форматқа көшіру бойынша тапсырмасын іске асыру шеңберінде Комитет мемлекеттік қызметтің үш түрін автоматтандыру және оңтайландыру жөнінде бірқатар іс-шаралар жүргізді.

Сонымен, «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» мемлекеттік қызмет толық автоматтандырылды.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметтерді көрсету нәтижесін беру [www.egov.kz](http://www.egov.kz) «Электрондық үкімет» веб-порталы (әрі қарай – портал) арқылы альтернативті түрде де, сонымен бірге анықтаманы қағаз үлгісінде алу қажет болған жағдайда Мемлекеттік корпорация арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен бірге, қызметтерді оңтайландыру шеңберінде азаматтарға жылжымалы жүйенің абоненттік қондырғысы арқылы, яғни eGov порталының мобильдік қосымшасы арқылы электрондық анықтама алу мүмкіндігі берілген.

Азаматтарға арналған жаңа енгізулердің бірі Мемлекеттік корпорация филиалының мекенжайын таңдаумен шетелге шығу үшін анықтама алуға электрондық сұрау беру мүмкіндігі болып табылады, ол жерде қағаз түрінде жауап алуға болады. Бұрындары Мемлекеттік корпорацияға міндетті бара отыра қағаз варианты ғана жіберу мүмкін болатын.

Электрондық анықтаманы «EgovKzBot» Telegram-бота көмегімен алуға болады.

Анықтама алу үшін «Мобильді азаматтар базасына» (МАБ) тіркелу қажет. Бұл үшін eGov.kz порталында Жеке кабинетке өзінің деректерін енгізу қажет.

Анықтама алу үшін Telegram мессенджерді көшіру керек, «EgovKzBot» іздеу жолына енгізу, енгізу/қайта енгізу. Әрі қарай «Қызметтер» бағанында «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» атты сервисі таңдау, содан кейін азаматқа растау коды көрсетілген SMS – хабарлама келеді, кодты енгізгеннен кейін соттылықтың болуы немесе болмауы туралы ақпарат берілетін болады. Сондай-ақ, порталда электрондық анықтаманы ЭЦҚ қой-

мақтық бақсармаларының мұрағаттары шеңберінде анықтамаларды және/немесе мұрағаттық құжат көшірмелерін беру» мемлекеттік қызметі ішінара автоматтандырылған.

Қызмет алуға үшін электрондық сауалдарды жіберу сервисі портал арқылы іске қосылды. Қазіргі уақытта, қызметті портал арқылы немесе Мемлекеттік корпорация арқылы тапсыруға болады. Қызметтің нәтижелерін Мемлекеттік корпорациясы арқылы ғана алуға болады. Қызмет көрсету мерзімі 30 күнтізбелік күннен 10 күнтізбелік күнге дейін қысқартылған.

«Прокуратура органдарынан, тергеу және анықтау органдарынан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметі автоматтандырылмаған, ол Мемлекеттік корпорация арқылы қағаз түрінде көрсетіледі. Қызмет көрсету мерзімі 5 жұмыс күні. Прокуратура органдарынан шығатын апостиль қоятын құжаттардың 99% есепке ала отыра, соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтаманы құрайды, мынадай мүмкіндік іске асырылады:

- композиттік қызметке электрондық өтініш беру – соттылықтың болуы немесе болмауы туралы апостиль қойылған анықтама;

- мемлекеттік бажды онлайн режимінде электрондық үкіметтің төлем шлюзі (ЭУ ТШ) арқылы төлеу;

- қызмет алушының филиалдың мекенжайын порталда таңдау.

Қызметтердің нәтижелерін қағаз түрінде алу үшін қызмет көрсететін Мемлекеттік корпорациялар.

Комитеттің қызметін электрондық форматқа 100% көшіру мақсатында, ҚР ӨМ «Е-Апостиль» сервисін іске асыру шеңберінде апостильдендіру бойынша қызметтерді электрондық форматқа толық көшіру жұмысы жүргізілуде.

**А.БАЛАБЕКОВ,**  
ҚР БП ҚСЖАЕАЖК-нің Жетісу облысы бойынша Департаментінің қылмыстық саладағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру прокуроры.



ланың ата-ана алдындағы парызын өтеуі - «Ана сүтін ақтау» деп аталады. «Әкеге бағыну – тәңірге бағыну» деп әкені де қадір тұтқан. Ендеше адам өмірінің мәні мен сұлулығы, адамның болашағына деген сенімділігі – баланың ата-анасын қадір тұтып, өзінің перзент-

азығы мол кездесу өтті.

Шараға мектеп ұстаздары мен оқушылары, аудандық, ауылдық округтегі аналар кеңесінің төрайымы, мәдениет, тіл саласының қызметкерлері мен БАҚ өкілдері қатысты.

Өскелең ұрпаққа тәрбиесі мол кездесудің басын Жанама ауыл-

## Музей – тарихи сананы дамытатын құрал

Музей – өзінің жаратылысы жағынан ғылыми-зерттеу және мәдени-ағарту мекемесі. Адамдардың бұл күнде тарихқа ден қоя зер салуды артқан жағдайда музей үлесіне үлкен міндет жүктеліп отыр. «Өткеніңді білмейінше, болашағыңды болжай алмайсың» деп беркер айтылмаса керек.

Өткен тарихымызды ақтара қарап, бүгінгі күннің көкейкесті сауалдарына жауап іздеу, қоғамның бұдан былайғы заңдылықтарын зерделеу де музей қызметкерлеріне артылған міндет. Таным дүниесіне осылай қарасақ, музей өткен мен болашақты жалғастырушы түйін. Тарихты білмеу текті білмеуге, текті білмеу тамырсыздыққа әкеледі. Ата-баба мұрасын көздің қарашығындай сақтау - ұрпақ парызы. Музей – осы ата-бабамыздан қалған жәдігерлерді, мәдени тарихи және ғылыми құндылықтарды сақтайтын мәдени орда. Музей – халық қазынасы, тарихи шежіре, халықтың мәдени орны. Біле – білген адамға музей халқымыздың өмір жолы, мәдениеті, өнері болуы тиіс. Музей - өскелең елдің өсер ұрпағын тәрбиелейтін мәдени ошағы. Музейге қойылған жәдігерлер – музейдің жаны саналады. Әр жәдігер адамға ерекше әсер етеді. Ал, оны сақтап, күтіп, келер ұрпаққа жеткізу - өз алдына еңбек. Тарихтың куәсі болған құнды жәдігерлерді жүйелеп, айшықтап, заман талабына сай жетілдіру, жинақтау, осы бір дала өркениетінің баға жетпес мәдени құндылықтарын түп-

нұсқада сақтап, сырлы дүниенің сыны мен сырын кетірмей ғасырлар аманатын болашаққа жеткізу ең өзекті мәселенің бірі.

Бірақ музей ашу оңай шаруа емес. Басты қиыншылық білікті мамандар мен қаржының, материалдық-техникалық базаның тапшылығы. Үшінші бір кедергі – жәдігерлер жинаудың қиыншылығы. Әр адамның өз



өлкесінің, мемлекеттің тарихын білуімен жалғасады. Қазіргі таңда қоғамда руханият тапшылығы айқын сезілуде. Туризм, соның ішінде мәдени туризм, осы тапшылықтың орнын толтыруға бағытталады және бұл жерде музейлердің рөлі басым болмақ. Осыған байланысты бүгінгі таңда қоғамды рухани дамыту үшін мәдени туризмді дамыту өте қажет.

Музей негізі бос уақытын тиімді өткізуді көздейтін туризмнің бір түрі. Мәдени туризм мәдени іс-шаралар, мұражайлар, тарихи-мәдени мұра нысандарына бару, жергілікті халықпен кездесуді қамтиды. Қорыта айтқанда, мұражай бұрынғы мен қазіргі материалдық және рухани мәдениетті сақтап, насихаттайтын киелі орын. «Өткеніңді білмейінше, болашағыңды болжай алмайсың» дегендей мұражай келушілері мектептің өткен тарихымен таныса келіп, бүгінгі күннің көкейкесті сауалдарына



жауап іздейді, қоғамның, мектептің бұдан былайғы дамуының заңдылықтарын түсінгісі келеді. Таным дүниесіне осылайша қарасақ, мұражай өткен мен болашақты жалғастырушы түйін болып табылады.

**Г.ЕСІМЖАНОВА,**  
Қабанбай батыр атындағы тарихи-өлкетану музейінің экскурсия жүргізушісі.

Спортивная жизнь

# «Физкультура и спорт – залог здоровья»

вновь избранным президентом федерации волейбола Алакольского района, известным предпринимателем Торебековым Женисом Болатұлы. Во-первых, в начале 2024 года сборная команда спортсменов Алакольского района, ведомая им, капи-

ловек.

Наша встреча тоже не случайно прошла на центральном стадионе «Сымбат» города Ушарал. Здесь, вечером, на волейбольной площадке, практически ежедневно (при хорошей погоде) играют четверо восьмиклассников СШ имени Ильяса Жансугурова. Ильяс Имангали, Айбек Нуртаза, Жыгер Кажыкен и Арсен Койшибай с увлечением отдаются любимой игре, показывая пример сверстникам.

–Растет наша смена,-с улыбкой говорит Женис Торебеков. –Волейбол, являясь самым массовым видом спорта, любим алакольцами. В него играют и в районном центре, и в каждом населенном пункте. Есть и открытые площадки, и спортзалы в школах, и универсальные залы в ФОКах города Ушарал, станции Достык, Бескольском сельском округе. На сегодняшний день из 16 волейбольных дружин сильнейшими являются сборные команды города Ушарал, аулов Кольбай, Жайпак, имени Ж.Балапанова, Пограничного управления и гвардейской мотомеханизированной бригады. Недавно они встречались на районном турнире, посвященном памятной дате -выводу советских войск из Афганистана. Их лучшие игроки и составляют костяк сборной команды района.

Планов и задумок, как говорится, громадь. Начнем с того, что закрепим в Положении и Уставе обязательное проведение четырех районных соревнований по возрастным группам (зима, весна, лето, осень) по волейболу по примеру области Жетісу. Для популяризации этого вида

спорта постараемся восстановить проведение ежегодного турнира на Кубок акима Алакольского района. Здесь не обойтись без помощи и поддержки районного акимата. Считаю, что нужно восстановить районный отдел спорта, который станет координатором проведения всех спортивных соревнований. Пока районные соревнования проводятся на энтузиазме отдельных спонсоров и к памятным датам. Уверен, что необходимо создать специальный фонд, где будут аккумулироваться средства, поступающие от крупных бизнесменов и меценатов, имеющих отношение к спорту. А таких в районе немало. Это позволит победителям районных и областных соревнований по волейболу выплачивать достойные премиальные, а не ограничиваться лишь вручением Грамот и Кубков. Работы много, но и мы лишь в начале пути.

Своеобразное бата новой федерации дал ветеран спорта, Почетный гражданин Алакольского района Казияр Бектуров, который впервые вышел на школьную волейбольную площадку ровно 65 лет назад в далеком 1959 году. «Вся моя сознательная жизнь связана с волейболом. Пять лет играл в команде пединститута имени Абая города Алма - Аты. В городских соревнованиях не раз встречался с игроками знаменитого казахстанского клуба «Буревестника», чемпионка ССР 1969 года и Кубка Европы по волейболу 1970 года. Создавал волейбольные дружины в поселке Коктума, средней школе имени Абая районного центра, которые были неоднократными победителями районных и областных соревнований. Много лет был капитаном и играющим тренером сборной команды района. Уверен, что и нынешнее поколение волейболистов будет достойно славы своих отцов и старших братьев. А федерации – только успехов и плодотворной работы».

**Василий Воробьев.**  
Фото автора.

таном и КМС по этому виду спорта, стала чемпионкой области Жетісу по волейболу среди 12 сильнейших команд. Во-вторых, нынешний год – год 80-летия казахстанского волейбола. И в третьих, по своей популярности в мире волейбол занимает второе место, уступая лишь футболу. Им на Земле занимается почти миллиард че-

смогут внести свой личный посильный, но весьма ощутимый вклад в экологическую обстановку той местности, где живут.

Интересно, что период с 2021 по 2030 годы Организацией объединенных наций объявлен десятилетием, посвященным восстановлению экосистем. Сегодня природные экосистемы ощущают на себе прямое негативное воздействие человека в связи с такими его действиями, как чрезмерная вырубка лесов, загрязнение среды промышленными и сельскохозяйственными отходами, нерегулируемое осушение болот, массовый отлов многих видов рыб и наступление городской инфраструктуры. А ведь природные экосистемы нашей планеты (леса, моря, реки, пустыни и др.) представляют собой единый живой организм природы, в котором настроен очень тонкий естественный баланс. От этого баланса во многом зависят процессы регуляции климата на нашей планете, ее будущее и здоровье. Поэтому в наших силах – помочь сохранению родной природы! Принимайте участие в Марше парков!

**С. Курмаев,**  
мастер Лепсинского лесничества,  
Лепсинский филиал РГУ «Жонгар – Алатауский» ГНПП.

Этот постулат: «Вновь заявляю, нужно создавать все условия для занятия массовым спортом, детским спортом. Нужно воспитывать здоровую нацию, здоровое поколение»- Президент страны Касым – Жомарт Токаев озвучил и в своем Послании народу Казахстана, и в недавнем выступлении на третьем заседании Национального курултая. При этом акцентируя внимание казахстанцев именно на развитие массового спорта и физической культуры, популяризации здорового образа жизни. И создание в районах области Жетісу федераций футбола, волейбола и баскетбола – зримое тому подтверждение.

Так, в нашем районе во главе федера-



ций встали спортсмены, а ныне успешные предприниматели, которые могут сделать многое, для развития массового спорта на селе. Президентом федерации футбола избран Нурлан Окапов, волейбола – Женис Торебеков, баскетбола – Мади Рахимов.

Я не случайно решил встретиться с

## СТАРТУЕТ АКЦИЯ «МАРШ ПАРКОВ - 2024»!

С 28 марта по 5 июня начала старт международная природоохранная акция «Марш парков – 2024». Марш парков - это экологическая акция, объединяющая любителей природы с целью сохранения природы. Во время акции проходят различные экологические мероприятия, парады и концертные программы, экологические конкурсы, брифинги и круглые столы, экологические субботники и работы по озеленению, просветительские лекции, выставки. В данной акции будут задействованы местные жители, средства массовой информации, индивидуальные предприниматели, а также органы государственной власти.

Свой ежегодный старт экологическая акция «Марш парков» начала и на территории Лепсинского филиала РГУ «Жонгар – Алатауского» ГНПП под девизом «Табиғат - біздің анамыз, Біз табиғатқа панамыз!». Всем известно, что международная природоохранная акция «Марш парков», призванная объединять людей вокруг идеи поддержки и сохранения за-

поведников, национальных и природных парков, заказников и других особо охраняемых природных территорий (ООПТ).

«Марш парков» представляет собой целый комплекс природоохранных мероприятий, вовлекающих население регионов в деятельность ООПТ. Экологические конкурсы, семинары, круглые столы, тематические выставки и концерты, акции по сбору мусора и посадке деревьев помогают местным жителям, представителям органов власти и госуправления, учреждений образования, бизнеса и СМИ познакомиться с деятельностью природоохранных организаций и внести свой вклад в их развитие и поддержку.

В Лепсинском филиале большое внимание уделяется экологическому воспитанию подрастающего поколения. С 2010 года учащиеся школы являются активными участниками международной широкомасштабной природоохранной акции «Марш парков». За 14 лет существования национального парка заметно повысилось количество участников эко-

логической акции, стало намного больше неравнодушных людей, всех тех, кто переживает за охрану природы.

Цель проведения акции - воспитание чувства ответственности за сохранение природных богатств - лесов, флоры и фауны родного края, пропаганда природоохранных идей, развитие творческого потенциала юных защитников природы.

В рамках международной природоохранной акции «Марш парков» на территории национального парка планируется провести множество различных мероприятий, это – «Международный день птиц», «Всемирный день земли», «День солнца», «День первоцветов», «День дерева» и многое другое. Присоединяясь к акции «Марш парков», ее участники смогут оказать значительную помощь в деятельности заповедников и национальных парков своего региона; глубже изучая особенности природных экосистем, познавая их неповторимую красоту и знакомясь с обитателями, они



# ДАУА

**Салауатты өмір салтына арналған бет**

Сүт – бұл табиғат даярлаған ерекше өнім. Сүттің құрамы өте күрделі – химиялық құрамының толықтығы бойынша сүтпен ешбір табиғи тағаммен салыстыруға келмес. Оның химиялық құрамына пластикалық, минералды, энергетикалық, реттегіш заттар мен дәрумендер кіреді. Сүт ақуыздары, ет және балық ақуыздарына қарағанда, әлде қайда толыққанды және тезірек қорытылады. Ақуыз адам ағзасында жаңа жасушаларды түзу үшін қажет. Сүттің ақуыздары үш құрамдастан тұрады: шикі

8) сары май-өсімдік спреді және ерітілген сары май-өсімдік қоспасы;

9) ірімшік және ірімшік өнімдері;

10) сүтті қайта өңдеудің қайталама өнімдері.

Сүтті және сүт өнімдерін өткізу үшін негізгі шарттар мыналар болып табылады:

1) ілеспе құжаттардың болуы;

2) сүт және сүт өнімдері, оны қолдану және сақтау шарттары туралы ақпараттың болуы;

3) сүт және сүт өнімдерінің қауіпсіздігін растайтын құжаттың

йылмалы немесе таразылап өткізу кезінде кесуге және таразылауға арналған арнайы жабдық, сондай-ақ таңбаланған сауда мүкәммалы (төсеніштер, қысқыштар, қалақшалар және т.б.) пайдаланылуы тиіс.

Буып-түйілмеген сүт өнімдерін тікелей таразыларда орама материалдарсыз тартуға жол берілмейді.

Сүт және сүт өнімдерін өткізуге белгіленген тәртіппен міндетті түрде медициналық тексеруден өткен адамдар жіберіледі.

Сүт және сүт өнімдерін өткізуді жүзеге асыратын адамдардың арнайы киімі болуы тиіс.

Өнеркәсіптік қайта өңдеуге арналған сүт-шикізаты және кілегей шикізаты, Қазақстан Республикасының ветеринария саласындағы заңнамасына сәйкес жеке тапсырушылардан немесе жұқпалы аурулар бойынша салауатты шаруашылық жүргізуші субъектілерде ұсталатын дені сау малдардан алынады. Жануарларды

орнына тасымалдау уақытында және тіпті оны қайта өңдеу басталғанға дейін оның температурасы 8°C-дан аспауға тиіс.

Қайта өңдеу үшін келіп түскен сүт-шикізатты қайта өңдеуші кәсіпорнында сақтауда тұрған сүтпен араластыруға жол берілмейді.

Сүт - шикізатты өндірушіде (дайындаушыда) бұрын сақтауда тұрған сүттен басқа:

1) 4°C температурасына дейін суытылған - 6 сағаттан аспайтын;

2) 6°C температурасына дейін суытылған - 4 сағаттан аспайтын сүт-шикізатты қайта өңдеушіде сақтауға (резервтеуге) жол беріледі.

Қабылдау кезінде температурасы бойынша белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін сүт-шикізат дереу қайта өңделуі тиіс.

Бұзаулағаннан (төл алудан) кейінгі алғашқы жеті күнде және суалту алдындағы соңғы бес күнде сиырлардан алынған, сондай-ақ нормативтік құжаттарда анықталған титрленетін қышқылдың жоғары болуынан, термикалық өңдеуге жатпайтын сүт-шикізаты сүт өнімдеріне және сүті бар өнімдерге қайта өңдеу үшін қабылдауға жатпайды.

Ветеринарлық анықтамасы жоқ сүт-шикізат қабылданбауы тиіс.

Сүт - шикізатты, оның ішінде қайта өңдеу басталғанға дейінгі термикалық өңделген сүт-шикізатты сақтау (резервтеу) оған арналған жекелеген таңбаланған ыдыстарда жүзеге асырылады.

Жұқпалы аурулар бойынша қолайсыз шаруашылық субъектілері үшін, сау жануарлардан алынған сүт-шикізатының өнеркәсіптік қайта өңдеуге жарамдылығы ветеринарлық анықтамамен және пероксидазасы жоқ деген сипаттағы термикалық қайта өңдеудің тиімділігін зертханалық зерттеумен расталады.

Жұқпалы аурулар бойынша қолайсыз шаруашылық субъектілері үшін сүт-шикізатпен ілесе жүретін ілеспе құжаттарда өңдеу температурасы мен уақыты

көрсетіле отырып, жүргізілген термикалық өңдеу туралы белгі қойылуы міндетті.

Сүт шикізатында және кілегей шикізатында уытты элементтердің, микотоксиндердің, антибиотиктердің, ингибирлейтін заттардың, пестицидтердің, радионуклидтердің, сондай-ақ микроорганизмдер мен соматикалық жасушалардың болу деңгейі ветеринарлық-санитарлық және санитарлық-эпидемиологиялық нормалар мен ережелерде белгіленген, рұқсат етілген шекті деңгейден (нормадан) аспауға тиіс.

Сүт шикізатында жуу, дезинфекциялау, бейтараптандыру құралдарының қалдықтары болуына жол берілмейді.

Технологиялық үй-жайларда сүт және сүт өнімдерінің ластануын болдырмау үшін темекі өнімдері, сағыз резеңкелерін тұтынуға және тамақ өнімдерін қабылдауға медициналық аптешкалар мен жеке заттарды сақтауға, персоналдың әсемдік заттар мен бижутерияларды тағып жүруіне рұқсат етілмейді.

Медициналық аптешкалар технологиялық үй-жайлар мен учаскелердің тамбурларында немесе тұрмыстық үй-жайларда орналастырылуы мүмкін.

Сүт және сүт өнімдерін өндіру (дайындау) процесінде персоналдың жеке гигиена ережелерін орындауын, әсіресе жұмыс алдында, жұмыстағы үзілістерден және дәретхананы пайдаланғаннан кейін қол жууға қатысты қатаң бақылауды жүзеге асырады.

Сүт және сүт өнімдерін өндіру (дайындау) жөніндегі технологиялық үй-жайларда кемірушілер мен жәндіктердің (оның ішінде шыбындардың, тарақандардың) болуына жол берілмейді.

**Н.А.САЙБОЛТОВА,**  
**аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының санитариялық-гигиеналық бақылау және қадағалау, техникалық регламенттерді бақылау бөлімінің басшысы.**

ғылы жағдайға ұшырайды.

Тырысқақ дертінің алдын алу үшін келесі ережелерді сақтау қажет:

-жеке бас гигиена талаптарын қатаң сақтау;

-суды қайнатып қолдану;

-тамақтану алдында және әжетханадан кейін қолды сабынмен тазалап жуу;

-көкөніс пен жеміс - жидекті пайдаланарда сумен тазартып жуу;

-тез бұзылатын тағамдарды белгіленген температурада тоңазытқышта сақтап, оларды жарамдылық мерзімі шегінде пайдалану;

-ластанған су көздерінде шомылмау;

-тырысқақ ауруынан қолайсыз елдерге сапарға шыққанда сақтық шараларын сақтау;

-тырысқаққа ұқсас белгілер пайда болғанда дереу медициналық көмекке жүгіну.

Осы қарапайым ережелерді сақтау – қауіпсіз денсаулықтың кепілі болады!

**Г.АБИКЕНОВА,**  
**аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысының м.а.**

## Сүт және сүт өнімдерінің қауіпсіздігі

сүтте еріген күйінде болатын казеин, альбумин және глобулин.

"Сүт және сүт өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті сүт және сүт өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын ең аз қажетті талаптарды белгілейді.

Осы техникалық регламент Қазақстан Республикасының аумағында айналымдағы сүт және сүт өнімдеріне қолданылады, олар өнімдердің мынадай түрлерін қамтиды:

1) сүт шикізаты және кілегей шикізаты;

2) ішетін сүт және ішетін кілегей;

3) сүт қышқылды өнімдер;

4) сүзбе және сүзбе өнімдері;

5) қаймақ;

6) сиыр сүтінен жасалған май;

7) майлы паста;

(санитарлық-эпидемиологиялық қорытындының, ветеринариялық-санитарлық қорытындының, ветеринариялық сертификаттың, ветеринариялық анықтаманың, сәйкестік сертификатының) болуы.

Сүт және сүт өнімдерін өткізу сүт және сүт өнімдерінің нақты түрлерін сақтау шарттары сақталған кезде нормативтік құжаттармен белгіленген жарамдылық мерзімі шегінде жүзеге асырылады.

Сүт және сүт өнімдері тұтынушылық немесе топтық орамда (ыдыста), немесе оларсыз: құйылып немесе таразыға тартылып өткізіледі.

Сүт және сүт өнімдерін бүлінген және (немесе) тығыз жабылмаған орамда (ыдыста) өткізуге жол берілмейді.

Сүт және сүт өнімдерін құ-

ұстау, азықтандыру және сауу, жануарлардың жай-күйін бақылау шарттары, шикі сүтті өндірудің технологиялық процестері, шикі сүтті жинауды, суытуды, сақтауды және тасымалдауды қоса алғанда, ветеринарлық-санитарлық және санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалардың белгіленген талаптарына сәйкес келуі тиіс.

Сүт-шикізат сауылғаннан кейін 2 сағат ішінде кешіктірілмей шаруашылық жүргізуші субъектілерінде сүзілуі (тазалануы) және (4 +2) °C температурасына дейін суытуға қамтылуы тиіс.

Сүт - шикізатын өндірушіде (дайындаушыда) қайта өңдеу жеріне тасымалдауға арналған уақытты ескере отырып, 24 сағаттан аспайтын (4 +2) °C температурада сақтауға жол беріледі.

Сүт - шикізатын қайта өңдеу

## Тырысқақ ауруынан сақтануыңыздар

Бүгінгі таңда дүниежүзі бойынша тырысқақтың (холера) ахуалы тұрақсыз болып отыр. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметі негізінде әлемде тырысқақпен сырқаттанғандардың саны күрт өсті.

2024 жылдың 31 наурызда берілген мәлімет бойынша 20 мемлекетте 81655 жағдай тіркеліп, оның 1576 жағдайы өліммен аяқталды. Азияның континенті бойынша 3 мемлекетте (Үндістан, Ауғанстан, Пәкістан) 11083 жағдай тіркеліп, оның ішінде 8 жағдайы өліммен аяқталған.

Елімізден туристік сапармен баратын адамдар санының өсуіне байланысты аурудың Қазақстанға әкелініп таралу қаупі жоғары.

Тырысқақ - асқазан - ішек жолын зақымдайтын, құсу мен іш өту салдарынан ағзаның суыздандуына әкелетін аса қауіпті жедел ішек инфекциясы.

XIX ғасырда тырысқақ Үндістандағы Ганг өзенінің алғашқы резервуарынан бүкіл әлемге таралды. Одан әрі барлық континенттерде миллиондаған адамдардың өмірін қиған алты пандемия орын алды. Қазіргі (жетінші) пандемия 1961

жылы Оңтүстік Азияда, 1971 жылы Африкаға, ал 1991 жылы Америкаға таралды. Қазіргі уақытта тырысқақ көптеген елдерде эндемиялық ауру болып табылады.

Ауру қоздырғышы 16 °C – тан жоғары болатын жылы, ақпайтын суларда жақсы көбейеді. Адам көбіне ақпайтын суға түскен кездерде су жұтып қою арқылы, қайнамаған суды ішу арқылы және лас қол арқылы ауру жұқтырады.

Сол сияқты орталықтандырылған ауыз су құбырларында апаттық жағдайлар орын алған кезде кәріз суларымен араласып, судың құбырға қайта сорылуы арқылы ауыз су ластануы мүмкін. Сол себепті апаттық жағдайларды жою жұмыстарынан кейін су құбырларында гиперхлорлау немесе қышқылдау арқылы залалсыздандыру жұмыстары жүргізілуі керек.

Тырысқақтың таралуына трансшекаралық, яғни бірнеше мемлекеттің шекарасын кесіп өтетін су қоймаларының, өзен-

дердің ластануы нәтижесінде таралуы мүмкін. Сонымен қатар Қазақстанның басқа да мемлекеттермен сауда-саттық, іскерлік, басқа да қатынастарының дамуы нәтижесінде тырысқақты сырттан әкелу мүмкіндігі артады

Тырысқақ ауруының таралуына, әсіресе судың маңызы зор. Қоздырғышпен ластанған суды ішкенде, шаруашылыққа пайдаланғанда немесе жеміс-жидектерді, көкөністерді жуып, шайған кезде адамға жұғады. Әсіресе су арқылы жұққан кезде ауру бір мезгілде бұрқ етіп, халық арасында лезде тарайды.

Тырысқақ вибрионы адамның аш ішегін зақымдайды, денені қатты улайды. Бұл қауіпті кеселдің инкубациялық кезеңі бірнеше сағаттан 5 күнге дейін көбінесе 2-3 күнге созылады. Тырысқаққа тән нәрсе аурудың бірден жедел түрде, аяқ астынан басталады. Аурудың алғашқы белгісі іштің өтуі.

Тырысқақ ауруының қоздырғышы вибрион, суда көп уақыт

сақталады, кептіруге, күн сәулесінің тікелей әсеріне, қайнатуға төзімсіз.

Қоздырғыш су, тағам, тұрмыстық - қатынас жолдарымен жұғып, аш ішекте көбейіп, ауру тудырады.

Жұқпаның көзі - науқас адам немесе қоздырғыш тасымалдаушы болып табылады.

Тырысқақ ауруының белгілері: жүрек айну, лоқсып құсу, іш өту (ауыр түрге айналса күніне 20 -30 ретке дейін), дәреттің түрі күріш қайнатпасына ұқсас болады. Осының нәтижесінде ағзадан су және микроэлементтер көп мөлшерде шығып, ауыр түрімен ауырған адамдар 20-30% дейін салмағын жоғалтады. Науқастың денсаулық жағдайы ағзаның суыздандуынан нашарлайды, суық тер басып, дене қызуы 34-35C дейін төмендейді, көзі шүңірейіп, терісі кеуіп тырысады, қан қысымы төмендейді, дауысы әзер шығады немесе мүлдем шықпай қалады (афония), егер адамды дер кезінде емдемесе, ол қай-

**ЖОБА**

**Алақөл ауданы әкімінің 2021 жылғы 14 шілдедегі №37 «Алақөл ауданы бойынша дауыс беруді өткізу және дауыс санау үшін сайлау учаскелерін құру туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

**Алақөл ауданының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Алматы облысы Алақөл ауданы әкімінің «Алақөл ауданы бойынша дауыс беруді өткізу және дауыс санау үшін сайлау учаскелерін құру туралы» 2021 жылғы 14 шілдедегі № 37 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 176832 тіркелген) шешіміне келесідей өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешімнің қосымшасында 1- тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

«1. № 45 сайлау учаскесі.

Орталығы: Үшарал қаласы, Жеңіс көшесі № 77, «Жетісу облысы білім басқармасының Алақөл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ілияс Жансүгіров атындағы мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.».

Шекаралары: Үшарал қаласы, Жамбыл, Құрманғазы, Б. Майлин, Шәкәрім, Ғ. Мүсірепов, Мағжан Жұмабайұлы, Төле би № 2-ден 146-ға дейін (жұп жағы), № 1-ден 87-ге дейін (тақ жағы), Б. Момышұлы № 2-ден 82-ге дейін (жұп жағы), Б. Ыдырышұлы № 2-ден 28-ге дейін (жұп жағы), № 1-ден 59-ға дейін (тақ жағы), Т. Қарайғанов № 2-ден 44-ке дейін (жұп жағы), № 1-ден 51-ге дейін (тақ жағы), Абылайхан № 2-ден 40-қа дейін (жұп жағы), № 1-ден 39-ға дейін (тақ жағы), В. Тощенко № 2-ден 40-қа дейін (жұп жағы), № 1-ден 37-ге дейін (тақ жағы), Бексұлтан төре № 2-ден 30-ға дейін (жұп жағы), № 3-тен 37-ге дейін (тақ жағы), Абай № 9-дан 21-ге дейін (тақ жағы), Жеңіс № 2-ден 146-ға дейін (жұп жағы), №1-ден 129-ға дейін (тақ жағы), Қабанбай батыр № 2-ден 90-ға дейін (жұп жағы), № 1-ден 93-ке дейін (тақ жағы), В. Кашлаков № 2-ден 70-ке дейін (жұп жағы), № 1-ден 91-ге дейін (тақ жағы) көшелері».

көрсетілген шешімнің қосымшасындағы 2-тармақта: екінші абзацтағы «А.Жұбанов» сөзінен кейін «Арап Әмірұлы» сөзімен толықтырылсын;

Екінші абзацтағы «Жеңіс № 131-ден 213-ке дейін (тақ жағы), № 148-ден 232-ге дейін (жұп жағы)» деген сөздер «Жеңіс № 131-ден 205-ке дейін (тақ жағы), № 148-ден 236-ге дейін (жұп жағы)» деген сөздерімен ауыстырылсын.

Көрсетілген шешімнің қосымшасындағы 3- тармақта: екінші абзацтағы «8- март» деген сөздер «8-наурыз» деген сөздерімен ауыстырылсын.

көрсетілген шешімнің қосымшасында 4- тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

«4. № 48 сайлау учаскесі.

Орталығы: Үшарал қаласы, С. Құсайын көшесі № 79, «Жетісу облысы білім басқармасының Алақөл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Үшарал қаласы, Ы. Алтынсарин, Қ. Сәтпаев, Ы. Әлібаев № 82-ден 128-ге дейін (жұп және тақ жағы), Исағұл Жолжанов №1-ден 8-ге дейін (жұп және тақ жағы), С. Құсайын № 60-тан 116-ға дейін (жұп жағы) № 61-ден 97-ге дейін (тақ жағы), Бөгенбай батыр № 55-тен 153-ке дейін (тақ жағы), № 60-тан 156-ға дейін (жұп жағы), Д. Қонаев № 29-дан 99-ға дейін (жұп және тақ жағы), Панфилов № 1-ден 53-ке дейін (тақ жағы), № 2-ден 66-ға дейін (жұп жағы), Г. Безродных № 21-ден 61-ге дейін (тақ жағы), Ә. Тиірменов № 22-ден 30-ға дейін (жұп жағы), М. Дулепов № 25-тен 29-ға дейін (тақ жағы), І. Жансүгіров № 38-ден 56-ға дейін (жұп жағы), № 39-дан 47-ге дейін (тақ жағы), Абай № 18-ден 50-ге дейін (жұп жағы), Б. Момышұлы № 93-тен 207-ге дейін (тақ жағы), Ш. Қалдаяқов № 5-тен 13-ке дейін (тақ жағы), № 10-нан 18-ге дейін (жұп жағы) көшелері.».

көрсетілген шешімнің қосымшасында 6- тармақта: екінші абзацтағы «Жеңіс № 238-ден 298-ке дейін (жұп жағы), № 213-ден 283-ге дейін (тақ жағы)» деген сөздер «Жеңіс № 238-ден 272-ке дейін (жұп жағы), № 207-ден 221-ге дейін (тақ жағы)» деген сөздерімен ауыстырылсын.

екінші абзацтағы «Жеңіс № 238-ден 298-ке дейін (жұп жағы), № 213-ден 283-ге дейін (тақ жағы)» деген сөздерінен кейін «Зейнеп Қойшыбаева №274-ден 298-ге дейін (жұп жағы), №223-тен 283-ге дейін (тақ жағы)» деген сөздерімен толықтырылсын.

көрсетілген шешімнің қосымшасында 17- тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

«17. № 61 сайлау учаскесі.

Орталығы: Бескөл бекеті, М. Шоқай көшесі № 1, «Жетісу облысы білім басқармасының Алақөл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар Мұхтар Әуезов атындағы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Бескөл бекеті, Ақан сері, Ақын Сара, Қорқыт Ата, Е. Сыпатаев, М. Шоқай, Қобыланды батыр, Н. Тілендиев, Райымбек батыр, Ә. Қастеев, Әл-Фараби,

Бейбітшілік, М. Тынышбаев, Достық, Д. Нұрпейісова, Ә. Қабанбаев, Абай, Пушкин, Жібек жолы көшелері, № 5, 13 разъездері, Сайқан аумағы.».

көрсетілген шешімнің қосымшасында 20- тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

«20. № 64 сайлау учаскесі.

Орталығы: Ақтүбек ауылы, Т. Ысқақов көшесі № 11, «Алақөл ауданы әкімінің Зейнеп Қойшыбаева атындағы аудандық мәдениет үйі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жанындағы Ақтүбек ауылдық мәдениет үйі.

Шекаралары: Ақтүбек ауылының аумағы.».

көрсетілген шешімнің қосымшасында 31- тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

«31. № 75 сайлау учаскесі.

Орталығы: Қабанбай ауылы, М. Мұратбаев көшесі № 1 «А», «Жетісу облысы білім басқармасының Алақөл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Шоқан Уәлиханов атындағы мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Қабанбай ауылының орталық бөлігінің барлық көшелері Шынжылы өзеніне дейін, Наурызбай батыр көшесі № 5-тен 41-ге дейін (тақ жағы).».

көрсетілген шешімнің қосымшасында 52- тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

«52. № 96 сайлау учаскесі.

Орталығы: Достық ауылы, Жансүгіров көшесі № 5, «Жетісу облысы білім басқармасының Алақөл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Бауыржан Момышұлы атындағы мектеп жасына дейінгі шағын орталығы бар орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Шекаралары: Достық ауылы, Б. Момышұлы, Бейбітшілік, Бөкіров, әскери қалашық, Д. Қонаев, Достық, Ә. Молдағұлова, І. Жансүгіров, Қасабай, Д. Рақышев, С. Сейфуллин, Ш. Құдайбердіұлы, М. Мақатаев көшелерінің аумағы.».

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алақөл ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

**Лауазымы**

**Аты-жөні**

**«КЕЛІСІЛДІ»**

**Алақөл аудандық аумақтық сайлау комиссиясымен.**

**Проект**

**О внесении изменений и дополнений в решение от 14 июля 2021 года № 37 «Об образовании избирательных участков для проведения голосования и подсчета голосов по Алакольскому району»**

Аким Алакольского района РЕШИЛ:

1. Внести в решение акима Алакольского района Алматинской области от 14 июля 2021 года № 37 «Об образовании избирательных участков для проведения голосования и подсчета голосов по Алакольскому району» (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов №176832) следующие изменения и дополнения:

в приложении к указанному решению пункт 1 изложить в новой редакции:

«1. Избирательный участок № 45.

Центр: город Ушарал, улица Женис № 77, коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Ілияса Жансүгірова с дошкольным миницентром» государственного учреждения «Отдел образования по Алакольскому району Управления образования области Жетісу».

Границы: город Ушарал, улицы Жамбыл, Курмангазы, Б. Майлина, Шакарима, Ғ. Мусирепова, Мағжан Жұмабайұлы, Толе би с № 2 по 146 (четная сторона), с № 1 по 87 (нечетная сторона), Б. Момышұлы с № 2 по 82 (четная сторона) Б. Ыдырышұлы с № 2 по 28 (четная сторона), с № 1 по 59 (нечетная сторона), Т. Карайганова с № 2 по 44 (четная сторона), с № 1 по 51 (нечетная сторона), Абылайхана с № 2 по 40 (четная сторона), с № 1 по 39 (нечетная сторона), В. Тощенко с № 2 по 40 (четная сторона), с № 1 по 37 (нечетная сторона), Бексултан төре с № 2 по 30 (четная сторона), с № 3 по 37 (нечетная сторона), Абая с № 9 по 21 (нечетная сторона), Жеңіс с № 2 по 146 (четная сторона), с № 1 по 129 (нечетная сторона), Кабанбай батыра с № 2 по 90 (четная сторона), с № 1 по 93 (нечетная сторона), В. Кашлакова с № 2 по 70 (четная сторона), с № 1 по 91 (нечетная сторона).».

в пункте 2 приложения к указанному решению:

в абзаце втором после слова «А. Жубанов» дополнить словом «Арап Амирович»;

в абзаце втором слова «Жеңіс с № 131 по 213 (нечетная сторона), с № 148 по 232 (четная сторона)» заменить словами «Жеңіс с № 131 по 205 (нечетная сторона), с №

148 по 236 (четная сторона)».

в пункте 3 приложения к указанному решению:

в абзаце втором слова «8- марта» заменить словами «8 -наурыз».

в приложении к указанному решению пункт 4 изложить в новой редакции:

«4. Избирательный участок № 48.

Центр: город Ушарал, улица Садық Құсайын № 79, коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Ахмета Байтұрсынұлы» государственного учреждения «Отдел образования по Алакольскому району Управления образования области Жетісу».

Границы: город Ушарал, улицы Ы. Алтынсарина, К. Сатпаева, Ы. Алибаева с № 82 по 114 (четная и нечетная сторона), Исағұла Жолжанова с № 1 по 8(четная и нечетная сторона), С. Құсайын с № 60 по 116 (четная сторона), с № 61 по 97 (нечетная сторона), Бөгенбай батыра с № 55 по 153 (нечетная сторона), с № 60 по 156 (четная сторона), Д. Конаева с № 29 по 99 (четная и нечетная сторона), Панфилова с № 1 по 53 (нечетная сторона), с № 2 по 66 (четная сторона), Г. Безродных с № 21 по 61 (нечетная сторона), А. Тирменова с № 22 по 30 (четная сторона), М. Дулепова с № 25 по 29 (нечетная сторона), И. Жансүгірова с № 38 по 56 (четная сторона), с № 39 по 47 (нечетная сторона), Абая с № 18 по 50 (четная сторона), Б. Момышұлы с № 93 по 207 (нечетная сторона), Ш. Қалдаяқова с № 5 по 13 (нечетная сторона), с № 10 по 18 (четная сторона).».

в пункте 6 приложения к указанному решению:

в абзаце втором слова «Жеңіс с № 238 по 298 (четная сторона), с № 213 по 283 (нечетная сторона)» заменить словами «Жеңіс с № 238 по 272 (четная сторона), с № 207 по 221 (нечетная сторона);

в абзаце втором после слова «Жеңіс с № 238 по 298 (четная сторона), с № 213 по 283 (нечетная сторона)» дополнить словами «Зейнепа Койшыбаева с № 274 по 298 (четная сторона), с № 223 по 283 (нечетная сторона)».

в приложении к указанному решению пункт 17 изложить в новой редакции:

«17. Избирательный участок № 61.

Центр: станция Бесколь, улица М.Шоқай № 1, коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Мұхтара Әуезова с дошкольным миницентром» государственного учреждения «Отдел образования по Алакольскому району Управления образования области Жетісу».

Границы: станция Бесколь, улицы Акан сери, Ақын Сара, Корқыт Ата, Е. Сыпатаева, М. Шокая, Қобыланды батыра, Н. Тлендиева, Райымбек батыра, А. Кастеева, Аль-Фараби, Бейбитшилик, М. Тынышбаева, Достық, Д. Нурпейсовой, А. Кабанбаева, Абая, Пушкина, Жибекжолы, территория разъездов №5,13, Сайқан.».

в приложении к указанному решению пункт 20 изложить в новой редакции:

«20. Избирательный участок № 64.

Центр: село Ақтүбек, улица Т. Ысқақова № 11, Ақтүбекский сельский дом культуры при государственном коммунальном казенном предприятии «Районный Дом культуры имени Зейнеп Койшыбаевой».

Границы: территория села Ақтүбек».

в приложении к указанному решению пункт 31 изложить в новой редакции:

«31. Избирательный участок № 75.

Центр: село Кабанбай, улица М. Муратбаева № 1 «А», коммунальное государственное учреждение «Средняя школа с дошкольным миницентром имени Шоқана Уәлиханова» государственного учреждения «Отдел образования по Алакольскому району Управления образования области Жетісу».

Границы: все улицы центральной части села Кабанбай до реки Шынжылы, улица Наурызбай батыра с № 5 по 41 (нечетная сторона).».

в приложении к указанному решению пункт 52 изложить в новой редакции:

«52. Избирательный участок №96.

Центр: село Достық, улица Жансүгірова №5, коммунальное государственное учреждение «Средняя школа имени Бауыржана Момышұлы с дошкольным миницентром» государственного учреждения «Отдел образования по Алакольскому району Управления образования области Жетісу».

Границы: территории села Достық, улицы Б. Момышұлы, Бейбитшилик, Бакирова, военный городок, Д. Конаева, Достық, А. Молдағұловой, И. Джансүгірова, Касабай, Д. Ракишева, С. Сейфуллина, Ш. Кудайбердіұлы, М. Мақатаева.».

2. Контроль за исполнением настоящего решения возложить на курирующего заместителя акима Алакольского района.

3. Настоящее решение вводится в действие после дня его первого официального опубликования.

**Должность**

**ФИО**

**«СОГЛАСОВАНО»  
Алакольской районной  
территориальной  
избирательной комиссией.**

# «Жамантыда» жаңа су қоймасы салынады

Ауыл тұрғындарының үміті ақталатын болды. Енді 1-2 жылда жаңадан салынатын су қоймасы көктұмалықтардың басын ауыртқан мәселені түбегейлі шешіп тастайды. Өткен аптада су қоймасын салуға қатысты жұмыстарды тексеруге келгендер Жаманты өзенінің бойын аралап, зерттеу жұмысын жүргізіп қайтты.

– Алдағы 5 жылда Жетісу облысында 7 су қоймасы, 1 бөгет салу жоспарлануда. Соның бірі Алақөл ауданының Ырғайты ауылдық округіне қарасты Жаманты өзенінен су қоймасын салу қарастырылып отыр. Осыған орай, су қоймасы салынатын жерді нақтылап жатырмыз. Жалпы, су қоймасына 10 млн. текшеметр су жиналатындай етіп салу жоспарда. Сонда ғана осы өңірдегі суға қатысты мәселелер толығымен шешімін табады. Жоспарға сай биыл техникалық негіздемесін жасап, жобалық-сметалық құжаттамасын дайындап, келесі жылы су қоймасын салу жұмысына ресми кірісеміз, – дейді облыстық ауылшаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Бахтияр Шампиқов.

Алақөл ауданында сонау 1920 жылдары Есіркеп тоғаны, Ақтоған, Қаратоған деп аталатын каналдар қазылып, өңір халқының егін шаруашылығымен айналысуына ықпал етті. Кейін 1975 жылы Тентек өзенінен бөгет салынып, бұрынғы каналдар ірі суару жүйесіне айналды. Өткен жылдан бері Тентек бөгетін қайта жаңғырту жұмысы қолға алынып, суармалы алқаптың көлемі ұлғая түсті.

– Қазір ауданда 30 мың гектардан астам суармалы жер бар. Оны Тентек бөгетінің оң және сол жағалауы арқылы қамтамасыз етіп келеміз. Бұл өңір тұрғындарының қант қызылшасымен айналысуына да мүмкіндік тудырды. Алайда, Тентектің суы жетпейтін жерлерде жазды күнгі егін суару кезінде

су тапшылығы орын алады. Өсіресе, бұл жағдай Ырғайты ауылдық округіне қарасты Ақши мен Көктұма елді мекендерінде анық байқалады. Егер Жаманты өзенінен су қоймасы салынатын болса, аталған ауылдардағы суармалы жер көлемі тағы да 5 мың гектарға ұлғаяды. Бұл өңір экономикасын өркендетіп, тұрғындардың адал



еңбегімен нәпақа табуына мүмкіндік береді, – дейді Алақөл аудандық ауылшаруашылығы және жер қатынастары бөлімінің басшысы Манатбек Рысбеков.

Әрине, су қоймасы су үнемдеу жағдайын жақсартып, жұрттың суға деген қажеттілігін шешкенімен оның қауіпсіздігіне де айрықша назар аударылуы тиіс. Себебі, кейбір орын алған жағдайлар соның маңыздылығын қайта-қайта еске түсіреді.

– Жетісу облыстық ауылшаруашылығы басқармасының ұсынысымен Жаманты өзенінен су қоймасын салудың техникалық негіздемесін жасауға Өскеменнен келіп отырмыз. Біздің мекеменің бұл саладағы тәжірибесі мол. Осыған дейін Алматы облысының Жамбыл ауданы және Жетісу облысының Сарқан ауданындағы су қой-

маларын, бөгеттерді қайта жаңғыртуға қатысты техникалық негіздемесін жасадық. Оның нәтижесін жұрт көріп отыр. Жалпы Жаманты өзенінен су қоймасын салу өте қолайлы. Егер техникалық негіздемесі дұрыс әрі жүйелі жасалса, бұл жерден 10 млн. текшеметрден артық су жинайтын су қоймасын салуға болады. Бұл дегеніңіз, 10 мың гектарға жуық егіс алқабын суаруға жетеді, – дейді «Тау сәулет» ЖШС жобалау бөлімінің басшысы Сансызбай Мұңғылбаев.

Су шаруашылығына жауапты маман-

Қазіргі таңда қоғамды елең еткізіп, XXI ғасырдың айықпас дертіне айналған мәселелердің бірі – кибербуллинг. Кибербуллинг – интернет желісінде адамды өз ырқына көндіріп, алдап, арбау. Ал, кибербуллингті жасаушы адам-заман ағымын, яғни жаңа әрі озық технологияларды арам пияғылы жүзеге асыру мақсатында қолданатын арам адамдар. Кибербуллингтен бірден-бір көп зардап шегетіндер – кәмелет жасына толмаған, мектеп қабырғасындағы аңғал жасөспірімдер. Уақытының жартысын телефонға тел-

## Қоғам дертіне айналған – кибербуллинг

мірумен өткізетін жастардан алаяқ шабуыл жасаушыларда хабардар.

Мүмкін қазір ойларыңызда «Неліктен олардың таңдауы көбінесе жасөспірімдерге түседі?» деген сұрақ туындаған шығар. Оған бір себеп, қорғансыз жасөспірімдер өзіне қысым жасалып жатқаны туралы ешкімге тіс жармайды.

Бұл тұста ата-ана мен білім ордасының рөлі маңызды. Осы ретте он бес жасар мектеп қабырғасындағы жасөспірім ретінде, дәл осы кибербуллингтің алдын алу мақсатында жасалау керек деген ұсыныстарым жетерлік. Мысалы, айналадағы сыныптастарыма қарасам, олар интернет желісінде әзіл ретінде түсірілген түрлі видеороликті көріп жатады. Яғни бұны тамашалау, оны көру оларға қызық. Осыған байланысты мектеп қабырғасында, оқушылар арасында әзіл аралас шындыққа жанасатын кибербуллингтің алдын алу туралы көріністер болса, оқушылардың оны көруге деген құлшыныстары артатын еді. Әрі олардың саналарында кибербуллингтің зардаптары қандай болатыны туралы түсінік қалыптаса бастайды. Мектеп оқушыларына дәл осы тақырыпта жиналыс болады деңізші, олар жиналысқа еріксіз, қызығушылықсыз қатысатын болады. Ал кибербуллинг тақырыбында шындық аралас әзіл-сықақ көріністен жарыс болады десеңіз, оқушылар оған қызыға, ағыла қатысатын болады.

Ал ата-анаға келетін болсақ, олар баланың қауіпсіздігіне ең бірінші кезекте жауап беретін заңды тұлғалар. Тек мектеп тарапынан ғана емес, мектептен тыс ата-ана өз балаларына интернет желісіндегі қауіп-қатер жайында хабардар ету қажет. Олардың мінезіндегі өзгерістерді байқасаңыз, тал шыбықтай санасыз елсіз жастарға бірден дауыс көтерудің қажеті жоқ. Керісінше, олармен келіссөзге келіп, кибербуллингтің алдын алу үшін шаралар қолданыңыз.

Интернеттегі алдап, арбаудан статистика бойынша өткен жылы 105 оқушы өз-өзіне қол жұмсаған. Бұл ақпаратты естігенімде елең етіп, ұнжырағам түсті. Себебі сіздер болашақтарыңызды сеніп отырған жастардың мемлекетке үлесі қосылмай жатып, өз үлестерін алып, бұл дүниемен жастай қоштасуына куә болуға болады.

Қортындылай келе түйгенім, ғаламтор дәуірінде интернет желісіндегі кибербуллинг тәуелсіз Қазақстан Республикасы үшін үлкен кесел. Ол ұрпақтың санасын улап, санын азайтуда.

Осы тұста Міржақып атамның: «Бұндай қалың ұйқыны Бердің бізге, ой, Алла-ай», - деген елең жолдары есіме түсіп отыр. Мұнша қалың ұйқыдан оянып, жастарды түрлі алауыздықтан, кибербуллингтен қорғағанымыз жөн. Бар мәселең заң аясында шешілетін заманда, кибербуллинг туралы заңды қатайтқанымыз жөн. Бұдан басқа шешім көріп отырғанымыз жоқ. Жастардың саны мен санасын ұрпаған кибербуллинг жасаушылардың заң алдында жауап беруін талап ететін сәт жетті.

«Мен жастарға сенемін», - деп ұрандап кеткен халық жанашыры Мағжан Жұмабаевтың сенген жастарын қор етпей, барынша интернет желісіндегі қауіп-қатерден сақтайық.

**Ыбырай Ақерке,**  
Дінмұхамед Қонаев атындағы орта мектептің 10 сынып оқушысы.

дардың айтуынша, облыста сумен қамтамасыз ететін 15 нысан болса, оның екеуі су қоймасы. Жаманты өзенінен салынатын су қоймасы бұл санды көбейте түседі. Сондай-ақ су қоймасымен бірге екі канал салынып, оның бірі егіс алқабына, енді бірі Көктұма ауылына су жеткізеді. Демек су қоймасының салынуы егіске қажетті су тапшылығын шешуден бөлек жаңа жұмыс орындарының ашылуына, қосалқы шаруашылықтарды өркендетуге де мол мүмкіндік береді. Өсіресе, Ақши мен Көктұма ауылы тұрғындарының ауласына түрлі көкөніс егіп, жазғы шомылу маусымында Алақөлге келген туристерді экологиялық таза өніммен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

**Қажет АНДАС,**  
облыстық «Жетісу» газеті.



дыққа деген құлшынысын арттыру мақсатында «Бәсекелестік» тенденциясын жолға қойған абзал.

Заман ағымының өзгерістерге ұшырауы, жаңа технологиялар мен түрлі инновациялардың тірлігімізге енуі бір жағынан керемет дегенімізбен, оның кері әсерлері де баршылық. Өсіресе, діни негіздегі теріс білімді насихат-

діни білім беруде олқылық жібермей, барынша сенім сауаттылығының тұғырын тіктеу керек. Діннің бөлуші емес, біріктіруші күш екенін, ақиқат пен адалдықтың, татулық пен тыныштықтың жаршысы екендігін түсіндірсек ұтарымыз да көп болмақ.

Белгілі бір жетістікке жету үшін жастарға білім беру саласында оң өзгерістерге жол беріп, дін мәселесіне келгенде ақ пен қараның аражігін ажырата білетіндей ұрпақ қалыптастырған жөн.

Қазір жастарға мол мүмкіндіктер ұсынылып отыр. Ал сол мүмкіндіктерден мейілінше өзіне тиімдісін қанжығалап, пайдасына асыратындар ғана көш басынан

## Жастардың діни сауаттылығы – заман талабы

тауда, кейінгі толқын иелерінің санасын улауда жаңа технологиялардың орны орасан. Ғаламтар бетін аша қалсаңыз түрлі бағыттағы жат ағымдар мен деструктивті діни түсінікті уағыздаушылар қаптап кеткен. Санасы бекіп үлгермеген өскелең ұрпақ ненің дұрыс, ненің бұрыс екендігін екішп айыра алмайды. Сондықтан да өзге ағымдардың жетегінде кететін жастардың саны да артуда. Бұл – жалпыұлттық проблема деп білемін.

Діни қақтығыстар орын алып жатқан кез келген мемлекетті алып қараңызшы. Құты қашқан, құндылығы жойылып, құдіреттерінен үзім де қалмаған. Себебі – дін ол оңымен пайдаланса бекіре-бірлікке бастар, теріс қолға түссе зорлық пен зомбылыққа апарар күш. Ілкіде даму прогресстері өте жоғары болған елдер діни алауыздықтың кесірінен соғыс, дағдарыс, экономикалық құлдырау, қауіпсіздігі мен бүтіндігін айырылу, бар байлығының тоналуы мен ұлттың жойылуы сынды кесапатарға жолығуда. Осындай кері жағдаяттар біздің де елімізде болмауы үшін, Абайша айтқанда қолымызды мезгілінен кеш сермемей, уақытылы назарға алғанымыз жөн. Бұл ретте мектеп қабырғасынан бастап

көрінбек.

Ендігі ретте саннан сапаға ауысу, білім деңгейін көтеру, жастардың тың идеяларына кеңінен қолдау көрсетіп, талапты әрі табандылар ғана жасампаз болашақтың жемісін көреді деген идеология қалыптастыру басты приоритет болды. Ол үшін жастардың еңбекке араласуына, олардың әлеуметтік жағдайларының жақсаруына мемлекет тарапынан бүгінгіден де артық көңіл бөлінгені мәлім. Жастар саясатының жүзеге асырылу барысына, кәсіпкерлікке баулу және жұмыспен қамтуға, жалын иелеріне арналған ресурстық орталықтардың қызметі мен бағыттарына, таланттылар мен дарындыларға қолдау көрсетуге аса ыждағаттылық танытылды. Сонымен қатар діндік тәрбие беру, сенім сауаттылығын қадағалау, теріс ағымдардан алшақ болуға үйрету мәселесі де күн тәртібінен түскен емес. Ғаламтор беттеріндегі жат ағымдарды насихаттаушы парақшаларды бұғаттау ісі де күн тәртібінен түспеу керек.

Осы міндеттер үдесінен шықсақ қана кемел келешекке қарай қарымды қадамдар істемекпіз.

**Алмат ЕСЕНБЕКОВ.**

Жастар – мемлекеттің басты қозғаушы күші һәм ел ертеңінің негізін қалаушы басты толқын. Жастар – мың жылдықтар төрінен мәңгілікке қарай бағытын түзеген қуатты Қазақстанның жанды бейнесі. Бәсекеге бәс тігіп, жаһандық аренада алпауыт мемлекеттермен иық тірестірген егеменді еліміздің ертеңі һәм қозғаушы күші. Ал оларға қолдау көрсетіп, мүмкіндіктер көкжиегін кеңейту болашақ үшін бүгін салынған инвестиция десе де болады.

Осы ретте олардың білімі мен діни сауаттылығына ден қойып, туралық пен ақиқат жолынан таймаулары үшін атқарар жұмыстар да көп. Шыны керек, біз қазір білімнің салтанат құрған заманының құрдасы болып отырмыз. Бұрынғыдай шоқпармен шауып, қылышпен қырып алатын уақыт тарих қойнауына сіңіп, жоқ болды. Тек қана сана мен ақылдың салмағы артып, білім мен ғылымның құны еселенді. Жаңа технологиялар мен инновацияның дәурені жүріп тұр. Бұл ретте басты міндет алдымен жастардың иығына түсетіні мәлім. Себебі уақыт ағысы бір орнында дамылдап қалмайды, үздіксіз, үзіліссіз алдыға жылжиды. Сондықтан кәсіби кадрлар қатарын көбейтіп, баянды болашақтың бағытын бағамдау біздің қолда. Осы мәселеде жастардың өмірге, еңбекке, ізденіс пен жаңашыл-

## Жекпе-жекшілер жеңіс тұғырынан көрінді



Алакөлдің атын әйгілеп турнирде атой салып, қоржынға жүрген жекпе-жекшілер тағы бір 11 медаль салды.

Әмбебап спортшылар қай турнирде де қарсылас шыдатпай, тұғыр биігінен көрініп жүр. Бүгінде талай әлем чемпионы шыққан залдан жеңіс дәстүрінің үзбей жалғайтын жасөспірімдер де өсіп келеді. Соның нәтижесі Алматыда өткен турнир болды. Сақадай сай барған спортшыларымыздың шашасына шаң жұқпай, аудан атын тағы бір мәрте үстем етті.

Алматы қаласында өткен аралас жекпе-жектен турнирде спортшыларымыз 5 алтын, 3 күміс және 2 қолаға қол жеткізді. Оның ішінде Нұрбек Айжарық, Махмудов Расул, Мамет Саян, Мамет Сұлтан, Зәурембек Нұрсұлтан, Қалибек Асылжан бірінші орын алса, Медетхан Амир, Серікбосын Айбат пен Чернобаев Илья күміс жүлдеге ие болды, ал Серікқали Бақдәулет пен Сабыржан Бексұлтан жүлделі үшінші орынға табан тіреді.

**А.ӘБИТҰЛЫ.**

## Жеңісті күндерге жол ашудамыз

Спорт – бұл тек мығым күш пен мықты тәннің саласы емес. Ол жекелей зерттеуді қажет ететін ғылым, тән мен қатар жанның саулығы, сананың ашықтығын қамтамасыз ететін құдірет. Сондықтан да «Ел боламын десең бесіңді түзе» демекші, жастардың спортпен шұғылданып, салауатты өмір салтына үйір болуы аса маңызды.

Қазіргі таңда Алакөлдегі таеквондо үйірмесі облыста өзіндік атағын қалыптастырып келеді. Әсіресе түрлі дәрежедегі додаларға аттанған шәкірттеріміз өңірімізге жүлдесіз оралған емес. Соның арқасында көптеген жүлде қоржынымызға түсіп, жастардың арасында спортқа деген жаңа тенденция пайда бола бастады. Осындай жеңісті, жемісті күндерге әлі де жол аша беретінімізге сенімдіміз.

Жуырда тағы да жақсы жаңалыққа кенелдік. Кез келген адамның жетістігі оның еткен еңбегімен тең. Демек, маңдайыңнан қаншалықты көп

тер төксең, соншалықты нәтижесі де көңілге қонымды болмақ. Бұл барлық салаға байланысты көрініс.

Біздің де жаттығу залындағы

кетсек, Бағыбай Бекзат, Нұртай Бекзат, Саяхат Жанерке, Сағынай Томирис, Меңғали Балнұр Жетісу облыстық спорт басқармасы басшысының бұйрығымен таеквондодан «Спорт шеберіне үміткер» атанды.

Бұл біздің жетістікке бастаған сапарымыздың бір баспалдағы ғана. Алдағы уақытта



үздіксіз дайындығымыздың кезекті жемісін жедік. Бес бірдей таеквондошымыз спорт шеберіне үмірткен разрядына ие болды. Бұл жетістікке жету жолында шәкірттеріміз біршама еңбек етті, түрлі додаларда топ жарды. Атай

дайындығымызды арттырып, келесі белеске қарай қадам бас бермекпіз.

**Айдос ЫБЫРАЕВ,**  
Таеквондо үйірмесінің бапкері.

## Табиғатты өрттен қорғауық

шүберектер, шыны ыдыстар тастауға, себебі күн көзінен бұл заттар тез қызып, құрғақ шөптер өртен бастайды;

-Орман алаңдарына, бақшаларда, егістіктерде ағаштардың түбінде құрғақ шөптерді өртеуге;

-Қамысты өртеуге;

-Желді күні от жағып, оны қараусыз қалдыруға.

Дала өртін байқағанда, мүмкіндігінше адамдарды жинап өртті сөндіруге тырысыңыз; егер оны дер кезінде сөндіруге мүмкіндік болмаса, міндетті түрде жергілікті әкімшілікке, орман шаруашылығына және «101» өртке қарсы қызмет телефонына

хабарласыңыз.

Мұндай кездерде жол бойында, орманның шетіне, су қоймаларының жанына қарай беру қажет. Оттың таралу бағытына көлденеңінен жүріп отыру қажет.

Егер аймақтан шығуға мүмкіндік болмаса, жақын маңдағы су қоймасына түсіңіз немесе ашық алаңқайға барып дымқыл киіміңізді жамылып жатыңыз. Демалған кезде жерге жақындап, ауыз бен мұрынды дымқыл шүперекпен жауып демалыңыз.

**А.АБДРЕШОВ,**  
аудандық ТЖБ-ның инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

С наступлением теплых дней начинается сезон активности клещей.

Обычно период активности клещей длится с ранней весны и до поздней осени — примерно с начала марта и до конца октября.

Пик активности приходится на апрель-июнь и август-сентябрь. Во многом это зависит от погодных условий, температуры и влажности почвы. Для существования клещей благоприятно, когда температура воздуха держится в пределах +18...+20°C, а влажность составляет до 80%.

Клещевой энцефалит — это природно-очаговое инфекционное заболевание, вызываемое вирусами клещевого энцефалита, в основе которого лежит повреждение головного и спинного мозга. Возбудителем заболевания является вирус из рода флавивирусов (Flavivirus).

Особенностями вируса клеще-

подлежат лица, проживающие, выезжающие на работу или отдых в неблагополучные территории по КЭ.

Введение специфического противоклещевого иммуноглобулина лицам, подвергшимся нападению клещей. Проводится и эффективна в первые три дня после укуса.

Меры неспецифической профилактики:

□ Использование различных препаратов, отпугивающих насекомых.

□ Ношение специальной защитной одежды. Необходимо надевать плотно прилегающую одежду, желательнее светлых тонов, на которых более велика вероятность увидеть клеща;

□ Будучи на природе, необходимо брюки заправить в носки, верхняя одежда рекомендуется с длинным рукавом, желательнее с плотной резинкой на конце.

## Клещевой энцефалит

вого энцефалита является слабая устойчивость к действию высоких температур, дезинфицирующих средств и ультрафиолетового излучения. Однако при низких температурах он способен долго поддерживать жизнеспособность. В зараженных молочных продуктах флавивирус не теряет своих свойств в течение двух месяцев. В природе вирус находится в организме иксодовых клещей.

Кроме человека, вирус может поражать диких и домашних животных, в том числе коров и коз. Поэтому заражение может происходить как напрямую — при укусе человека клещом или случайном раздавливании насекомого при попытке его извлечь, так и при употреблении молока и молочных продуктов, не прошедших термическую обработку и полученных от больных животных. Чем дольше клещ находится на коже человека, тем выше риск развития заболевания.

Характерный признак укуса клеща — форма раны в виде кольца. Общие симптомы выражаются в следующем: ощущение сонливости и слабости, внезапное повышение температуры, боль в глазах при ярком свете, болезненность лимфоузлов, затрудненное дыхание, тошнота, рвота, аллергическая реакция в виде высыпаний на коже, боль в мышцах и суставах.

Заболевание начинается остро, во многих случаях больной может четко указать даже час, когда его состояние резко ухудшилось. Первые симптомы напоминают проявления гриппа. К лихорадке на 3-4 день болезни может присоединиться сильная, упорная, непроходящая головная боль, рвота.

Заболевание протекает тяжело, поскольку формируется поражение головного мозга. Возможно развитие комы разной степени, смертельный исход может наступить на 2-4 сутки болезни у 20-30% больных. Возможно поражение черепно-мозговых нервов с развитием косоглазия, гнусавости голоса, затруднений глотания, речи, параличи мышц шеи, туловища и конечностей.

Профилактика клещевого энцефалита:

Вакцинация от клещевого энцефалита определенных групп населения. Вакцинации

□ Надевать головной убор, запястья плотно обхватить манжетами, рубашку заправить в брюки, брюки заправить в носки или сапоги, закрыть шею;

□ Важно проведение самоосмотра во время и после посещения природы.

□ Каждые 10-15 минут в пути осматривать себя и своих спутников, а, вернувшись домой, тщательно проверить одежду и все тело (особенно внимательно область шеи и за ушами);

□ Не рекомендуется садиться и ложиться на траву; устраивать стоянки и ночевки в лесу следует на участках, лишенных травяной растительности, или в сухих сосновых лесах;

□ Не приносить домой букеты полевых и луговых цветов, сирени;

□ После выгула домашних животных осматривать их на наличие клещей.

□ Употребление в пищу кипяченого молока.

При укусе специалисты рекомендуют как можно быстрее удалить клеща. От этого зависит вероятность того, попадет или нет возбудитель опасного заболевания в кровь человека. Безусловно, лучше сделать это в медицинском учреждении, но если такой возможности нет — можно удалить клеща и самостоятельно.

Рекомендуется ни в коем случае не расчесывать место укуса и не раздавливать самого клеща, не пытаться сразу вытащить его пинцетом или еще чем-то.

Желательно для удаления обратиться к хирургу, но если такой возможности нет, то завязать нитку в узел как можно ближе к хоботку клеща, затем осторожно раскачивать и немного приподнимать, пока не извлечется.

Удалять осторожно, так как внутри может остаться головка, которую потом удалить очень сложно. Также незамедлительно обратиться в медицинскую организацию по месту жительства за введением иммуноглобулина.

Берегите свое здоровье и здоровье своих близких!

**Л. Бижанова,**  
врач - инфекционист ГКП на ПХВ «Алакольская ЦРБ».

**Меншік иесі:**  
«Алакөл айнасы» ЖШС-і.

**Құрылтайшы:**  
Ғалым АЗАТҰЛЫ

**Директор - Ғалым Азатұлы**  
**Бас редактор - Алмат ЕСЕНБЕКОВ.**

**Телефондар:**

**Директор: 3-52-63**

**Бас редактор: 3-52-68**

**Бас редактордың орынбасары: 3-51-74**

**E-mail: alakred@mail.ru**

**Сайт: alakol-aynasy.kz**

Газет аптасына бір рет сенбі күні қазақ және орыс тілдерінде шығады

Газета выходит один раз в неделю в субботу на казахском и русском языках

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 2021 жылғы 24 желтоқсанда тіркеліп, №KZ34VPY00044522 куәлігі берілген.

Үшарал қаласы, Жеңіс көшесі, 129.  
ИНДЕКС: 040200.

**Осы шығарылымның таралымы 3261**

Газет «Алакөл баспагері» жеке кәсіпкерлігінде басылады.  
Инд.: 040200. Үшарал қаласы, Жеңіс көшесі, 129. Тел.: 3-52-84.